



## ТІЛ – ИНСТИНКТ

Балалар сөйлеуді қалай үйренеді?





1985 ж. 21 мамырында «Сан» деген мерзімді басылым келесідей назар аударарлық тақырыптар жарияланды:

- Джон Уэйн қуыршақтармен ойнағанды ұнататын;
- Арсыз дәрігерлер ханзада Чарльздің қанын 10 000 долларға сатып жүр;
- Сөйлейтін нәресте – жұмақтағы өмір туралы;
- Реинкарнацияның адам нанғысыз дәлелдері.

Соңғы тақырыптың атауы Стивен Пинкердің назарын аударды. Ол тілді білу – туа біткен сапа екенінің үзілді-кесілді дәлелі. Мақалада келесі нәрсе сөз болды:

«Жұмақтағы өмір тамаша – мұны дүниеге келгенінен соң бірнеше секундтан кейін құты қашқан акушерлерге сәби айтқан. Кішкентай Наоми Монтефуско арман етер аспанға мадақ айтып, бұл өмірге келген. Бұл керемет медиктерді тітіренткені соншалық, бір медбике дәлізге шыңғырып қашқан. «Жұмақ – бұл тамаша орын, сондай жылы және сондай тыныш, – деді Наоми, – Сіздер не үшін мені мұнда келуге мәжбүрледіңіздер?» Куәгерлер қатарында баланы жергілікті анестезия арқылы дүниеге әкелген оның 18-жасар анасы Тереза Монтефуско... «Мен оның ешкімге жұмыс жасаудың қажеті жоқ, жеудің, киім туралы алаңдаудың немесе Жаратушыға мадақ айтқаннан басқа тағы бір нәрсе жасаудың қажеті жоқ орын ретінде аспанды сипаттағанын анық естідім. Мен босанатын үстелден түсіп, тізерлеп, дұға етпек болғанымда, медбикелер маған рұқсат бермеді».

Әрине, ғалымдар мұндай мақалаларды жай ғана сенім ретінде қабылдай алмайды; кез келген маңызды жаңалық фактілер сериясымен расталуы қажет. Бұл жолы Таранто, Италияда орын алған корсикалық кереметтің қайталануы, «Сан» газеті келесі тақырыппен мақала жариялағанда 1989 ж. 31 қазанында болды:

«Баланың сөздері реинкарнацияның бар екенін дәлелдейді». Осы тектес жаңалық туралы 1990 ж. 29 мамырда мәлімделген: «Нәресте сөйлеп кетіп, мынаны айтқан: Мен - Натали Вудтің өзімін». Содан кейін 1992 ж. 29 қыркүйегінде бірінші мақалада айтылған сөздерді қолданып, бұл кереметтің екінші рет қайталанғаны жөнінде хабарланды. Ал 1993 ж. 8 маусымында: «Жаңадан дүниеге келген екі басты бала – реинкарнацияның керемет дәлелі. Бір басы – ағылшын, екінші басы – көне латын тілінде сөйлейді» деген елең еткізерлік тақырып пайда болды.

Неліктен мұндай Наомимен болған сияқты оқиғалар – бұл ақиқаттың емес, ойдан шығарылғанның жемісі ме? Көптеген балалар бір жасқа дейін сөйлемейді, сөздерді, сөз тіркестеріне бір жарым жасқа дейін қоса алмайды және екі-үш жасқа дейін грамматикалық дұрыс сөйлемдермен зуылдата сөйлемейді. Бұл жылдары не болып жатады? Процесс неліктен соншалықты созылып кеткенін ойланудың қажеті бар ма? Немесе үш жасар баланың жерді сипаттау қабілеті, жаңа туған нәрестенің көкті сипаттау қабілетіндей керемет пе?

Сәбилер үлкендердің сөйленісін естіп, үйренбейді, олар мұндай дағдыға туғанынан ие. Испан нәрестелері мен кикуйу халқының балалары испан және кикуйу тілінде қолданылмайтын және олардың ата-аналары ажырата алмайтын ағылшынның ба мен ра-сын ажыратады. Ағылшын тілін меңгеріп жатқан алты айға дейінгі сәбилер чех, хинди және инслекампкс (америкалық индеецтердің біреуінің тілі) тілдерінде қолданылатын фонемаларды ажыратады. Алайда ағылшын тілінде сөйлейтін үлкендер бес жүз сөз қолданған әрекеттеріне және университет дәрісханаларында бір жыл бойы оқыған әдістемелік жүйелі сабақтарына қарамастан мұны жасай алмады. Үлкеннің құлағы бұл дыбыстарды буын құрамында емес, жеке шырыл ретінде берілсе ғана ажырата алады. Дегенмен үлкендер бұл дыбыстарды жеке фонема ретінде қабылдамайды.

«Сан» газетіндегі мақала жай-жапсарға бай емес, дегенмен біз Наомиді түсінгендеріне қарағанда, ол әлемнің ата-тілінде, «көне латын» тілінде емес, итальян тілінде сөйледі деп болжай аламыз. Басқа сәбилер де ана тілінде кейбір біліммен дүниеге келуі мүмкін. Психологтар Жак Мелер мен Питер Джусчик егер дүниеге келгеніне төрт күн болған кішкентай француздар орыс сөйленісін емес, француз сөйленісін естісе, белсенді түрде еметінін және егер орыс тіліндегі жазбаны француз тіліне емес, орыс тіліндегі жазбаны француз тіліне ауыстырса, емгенін одан да жиілетіп жалғастыратынын көрсеткен. Бұл реинкарнацияның ғажайып дәлелі емес; ана тілінің әуені бүкіл дене арқылы өтіп, жатырда естіледі. Сәбилер тіптен сөйленіс электронды құралдармен сүзгіден өткізіліп, дауысты және дауыссыз дыбыстар алынып, тек әуен қалғанның



өзінде де француз тіліне айрықша ықылас білдіргенін жалғастырған. Алайда олар кері бағытта, дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстар сақталып, әуені бұрмаланған сөйленісті бей-жай қабылдай алмады.

Өмірінің бірінші жылында балалардың сөзжасам жүйесі жылдам жұмыс істейді. Біріншіден, онтогенез қысқаша түрде филогенезді қайталайды. Жаңадан туған сәбидің дауыс жолы сүтқоректі жануардікіндей. Көмей перископ сияқты алға шығып, сәбиді мұрнымен демалуға мәжбүрлеп және анатомиялық бір уақытта ішіп, демалуға мүмкіндік жасап, мұрын жолына орналасады. Үш айлығында тілдің алға және артқа қозғалуына және үлкендер қолданатын дауысты дыбыстың алуан түрлілігін жасауға мүмкіндік беретін тіл артында (фаринкс) ауыз қуысын ашып, көмей тамаққа тереңге түседі.

Соңғы жылдары педиатрлар балалардың кеңірдегіне түтікше қойып немесе көмейден төмен кеңірдекте тесік жасап, хирургиялық жолмен тынысында ауытқу бар көптеген балалардың өмірін сақтап қалған. Осыдан кейін балалар кәдімгі былдырлаған кезде ұяң дыбыстыларды айта алмаған. Екі жастарында әдеттегі тыныс жолы қалпына келтірілгенде, бұл балалар сөйлеуінің дамуында қатты кідіріс болады. Дегенмен нәтижесінде қатарластарын қуып жеткен және проблема жойылған. Керең балалардың былдыры кешірек басталады және ол жеңіл, алайда егер олардың ата-аналары ишарат тілін пайдаланатын болса, балалар уақытысында былдырлайды.

Неліктен сәби былдыр соншалықты маңызды? Сәби астында жазуы жоқ, ал нұсқаулық болмаған да, иіңтіректері мен ауыстырып-қосқышы жан-жаққа сарайып тұрған күрделі аудио-жабдықты алған адамға ұқсас.

Өздерінің ең бірінші туған күніне дейін балалар сөздерді түсіне бастайды және шамамен осы кезеңде олар сөздерді айта бастайды. Негізінен, сөздер бір-бірлеп айтыла бастайды, мұндай бір сөздік кезең екі айдан бір жылға дейін созылуы мүмкін. Жүз жылдан астам уақыттан бері бүкіл әлем ғалымдары өз балаларының бірінші сөзін күнделікке түсірген және іс жүзінде бұл сөздердің жиынтығы өте ұқсас.

Шамамен он сегіз айлығында тіл еркін ұшуға аттанады. Сөздік қордың өсуі әр екі сағат сайын кем дегенде бір жаңа сөз деңгейіне секірмелі түрде ауысады. Бұл деңгей жасөспірімдік жасқа дейін осындай болып қалады.

Дендері сау балалар бір-бірінен тіл дамуында бір не одан да көп жылға қалып, не озып отыруы мүмкін. Алайда олар өтетін сатылары уақытқа қаншалықты созылғаны не созылмағанына қарамастан, бірдей. Үш жасына қарай балалар бұл функционалды сөздерді түсіргеннен гөрі, жиірек қолданады, көбінесе мұны талап ететін сөйлемдерде 90%-ға артық.

Көптеген баланың сөйлемдері, мүмкін, басым көпшілігі, үш жасқа дейін қандай да бір себептерге байланысты грамматикалық қате болғанына қарамастан, біз аса қатал болмауымыз керек. Себебі кез келген сөйлемнің күтпеген кедергілері көп. Зерттеушілер бір грамматикалық ережеге назар аударып, бала қаншалықты жиі оны сақтайтынын не сақтамайтынын есептегенде, нәтижелері әсерлі болып шығады: қай ережені алса да, үш жасар бала оны сақтайды екен. Біз көріп отырғанымыздай, балалар сөздердің орын тәртібін сирек шатастырады және де үш жасында қажет болған жерлерде флексия мен көмекші сөздерді сөйлемдерде қолдана бастайды.

Барлық балалар өмірге тілдік машықпен келеді. Біз мұны олар одан шаршағанға дейін сәбилердің алдында сигнал пайда болып, содан кейін сигнал ауысатын айлалы тәжірибенің арқасында білеміз. Егер ол кезде сәбидің жаны кірсе, онда ол сигналдарды бір-бірінен ажыратуға қабілетті. Көзге қарағанда, құлақтар қозғалмайтындықтан, психолінгвисттер Питер Эймас пен Питер Джусчик бір айлық сәбиді не қызықтыратынын анықтаудың басқа тәсілін ойлап тапты. Бала сорғанда жазба шығатындай етіп, резеңке емізік ішіне магнитофонға қосылған сөндіргіш орнатылған. Үлбірден бір сазды ba-ba-ba шығып тұрғанда, балалар баяу сорып, өздерінің іштері пысқанын көрсеткен. Алайда буындар pa-pa-pa болып ауысқанда, балалар тағы басқа буындарды есту үшін, қайраттанып, еме бастайды. Сонымен қатар, олар жай ғана таза дыбыстық деңгейде буындарды тыңдаған жоқ, алтыншы сезім – түйсік арқылы сөйленісті қабылдаған: ba буыны pa-дан қаншалықты ерекшеленсе, бір-бірінен соншалықты акустикалық ерекшеленетін, алайда үлкендер екеуін де тек бір ba ретінде қабылдайтын, екі ba буыны балалардың қызығушылығын тудырған жоқ. Буында естіген дыбысты балалар b



сияқты фонеманы еске түсіретін болу керек. Үлкендер сияқты олар да егер қысқа дыбыста кездессе, дыбыстың сол бір үзінін *b* ретінде қабылдайды, егер ұзын буында кездессе, *w* ретінде қабылдайды.

Шамамен, балалар ата-анасы ерекше немесе екпін түсіп тұрған соңғы жағында қолданатын сөздерді есте сақтайды. Екі сөзден тұратын баланың сөз тіркестері мағынасы жағынан бір-бірінің аудармасы сияқты барлық әлемде ұқсас. Бұл ғажайып. Балалар заттардың қашан пайда болатынын, жоғалатынын, орнын ауыстырылатынын жариялайды; заттардың қасиеттері мен олардың иелеріне сілтейді; адамдардың заттармен не істейтінін түсіндіреді және көрген заттар туралы хабарлайды; заттар мен әрекеттердің бар екендігін жоққа шығарады немесе олар туралы «кім, не, қайда» деген сөздерден басталатын сұрақтарын қояды. Бұл микросөйлемдер тілді игеру процесін көрсетеді: 95% жағдайда сөздер дұрыс орын тәртібімен беріледі. Егер біз тілдік даму процесін кейбір кезеңдерге еркін бөлетін болсақ, мысалы: буындар былдыры, Абракадабра былдыры, Бір буынды айтылымдар және Екі сөзді тізбектер, онда келесі кезең Жанартаудың атқылауы деп аталады. Екі жасында және екі жарым жасында зуылдатып және грамматикалық дұрыс әрі оны зерттеушілерді орап әкететіндей қарқынмен бала тілі дамиды және ешкім болып жатқанның реттілігін бақылай алмайды. Әркез сөйлем ұзындығы өседі және тіл дискретті комбинаторлы жүйе болғандықтан сөйлемдердің грамматикалық түрлерінің саны әр ай сайын еселеніп, үш жасқа келер алдында бірнеше мыңға артып, көшкін тәрізді көбейеді. Сіз ерте сөз тіркестерінен бастап екі жас, үш айлығында (2–3) айтқан Адам есімді баланың тілі бір жыл бойы қалай күрделенгенін бақылап, бұл жаңалықты сезіне аласыз.

Тілдің бала дамуындағы рөлін Стивен Пинкер айқын көрсетіп отыр. Бұған дәлел де керек емес. Бұл адамзатта белгілі процесс. Сондықтан ең алдымен ата-ананың және кез келген қоршаған ортаның сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптар ерекше болып келеді. Мысалы, 1 жастағы балаларда ең алдымен жүру дағдысы жетілдіріледі. Өз бетімен жүре алатын болған соң, бала 1 жылының алғашқы 3–4 айында сергек кездерін қозғалыстарда өткізеді; қолдарына әлдебір заттарды ұстаған күйінде көп жүреді. Өмірлерінің бірінші жылдары әртүрлі заттармен жасап үйренген әрекеттер енді үйлесімдірек бола түседі, тілі де дами бастайды. Олар көрсетілген қимылдарға адам сөзіне бар нәрсеге оңай еліктей бастайды.

Заттармен іс-әрекет өмірінің 1 жылында баланың айналысатын негізгі әрекеттеріне айналады. Үлкендердің көрсетіп, сөйлеп үйретуінің нәтижесінде оның бұл әрекеттерді күрделене түседі. Осы әрекет барысында ол заттардың қасиетімен сөздердің мәнісімен таныса бастайды және ұғына бастайды. Қоршаған ортаға аса ықылас қоя қарап, адамдарға назар аударып, олардың сөздеріне, бет-әлпетінің өзгерісіне сөйлеген кезде соның бәріне назар аударып еліктей бастайды.

Сонымен қатар, баланың ақыл-ойы мен тілінің жетілуі үшін зор мәні бар сенсорлық қасиеттері тез даму үстінде болады. Іс-әрекет жасау процесінде қоршаған орта әсерін қабылдау қабілеті жетіледі. Бала заттардың белгілері бойынша – түсіне, формасына, көлеміне қарай оларды ажырата білетін болады: салыстырып, ұқсастықтарын аңғарып түсіне бастайды.

Кейінірек олар сөздер арқылы да көрген нәрсені еске алатын болады. Мысалы, балаға: «Әжеңе барамыз» десе, ол әжесінің үйінде ойнаған ойыншық аюды немесе тағы басқа нәрселерді есіне алып қуанады. Бала өзінің қуыршағын қайда қойылатындығын, ыдысы қай жерде ұсталатынын, қалай аталатынын есінде ұстайды. Әсіресе сөйлеу қабілетінің дамуында елеулі өзгерістер болады. Бала өмірінің екінші жылы оның тілінің қалыптасып, тез даму кезеңі болып табылады, мұның ой-өрісінің жетілуі үшін зор маңызы бар.

Сөйлеу қабілетінің дамуы одан да әрі жалғасады. Дұрыс тәрбиеленсе, балалар бұл жасында көп былдырлайды. Бұл тұралы ақпарат дәрісімізде Стивен Пинкердің көзқарасымен айтылды. Баланың былдырында әртүрлі дыбыстар мен сол дыбыстардың тіркесі көбейе түседі. Бала былдыры сезімге толы, бейнелі болады және әр қимылмен қатар істеліп отырады. Бала таныс дыбыстарға ғана емес, сонымен қатар, жаңадан естілген қарапайым дыбыс тіркестеріне де оңай еліктейді.

Дұрыс тәрбиеленген жағдайда, 2 жылдың екінші жартысында бала тілінің дамуында секіріс болады: 1 жас 5–6 айдан асқан соң сөздік қоры тез молая бастайды, сөйтіп, 2 жасқа толғанда бөбек 300-ге жуық сөзді қолданатын болады.



2 жылдың бірінші жартысының аяғында баланың сөздік қорына заттар мен әрекеттердің ғана емес, сонымен қатар олардың сапаларының атаулары да кіреді, бала тілінде грамматикалық формалар пайда болады. Ол екі сөзден тұратын сөйлемдер арқылы: «Тәте ки» (киіндір), одан соң өсе келе 3–4 сөзден тұратын сөйлемдермен: «Таня нәм-нәм» (Таня тамақ ішеді) тілдесе бастайды. 2 жасқа таяғанда тіл балалардың үлкедермен сөйлескенде тілді өздерінің тілектерін білдіретін, әсерлерін жеткізетін құрал ретінде пайдаланады. Ересек адамның сөзі тәрбие құралына айналады. Оның өз сөзі баланың тәрбиесін өзгертіп, әрекетіне бағыт бере алады.

Тілдің жетілуімен бірге балалардың ойлау, қоршаған ортаны бағдарлау қабілеті дамиды. Әсер дүниесінің байып, жеке заттар жайындағы нақты ұғымдарының молаюына және тілдік қабілетінің дамуына қарай өмірінің бірінші жылының соңында-ақ бала алғашқы қорытындыларын жасайды.

Мысалы, балалар бақшасындағы аула сыпырушының, күтушінің, электр жөндеушінің, слесарьдың, тәрбиешінің және басқа да қызметкерлердің еңбегін әңгімеге арқау етуге болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілінде құрастыру әдісіне кең дербестік беріледі. Оның мәні мынада: балалардың ертегілерді өз бетінше «құрастыруын», олардың өз өмірлерінде кездескен нақты жағдайларды әңгімелеп беруін, көркем әдебиеттегі тақырыптарды араластырып айтуын, суреттерді, нақты объектілерді – заттарды, хайуанаттарды, өсімдіктерді – суреттеуін тәрбиеші көтермелеп отырады.

Тәрбиеші тілі – балалардың сөйлеу тілін дамытудың негізгі көзі. Жас шамасына қарай әр топтағы балалар өз тәрбиешілерімен шаруашылық-тұрмыстық және еңбек іс-әрекетінде қатынас жасайды. Тәрбиеші балалардың ойындарын ұйымдастырады, бағдарламада көрсетілген барлық сабақтарда балалармен сөйлеседі, кітап оқу кезінде балаларды көркем шығармалардың авторларының сөздерімен таныстырады. Демек балалар тәрбиеленетін мекемелерде тілді дамыту потенциалының мүмкіндігі түгелімен тәрбиешінің сөзінің сапасына байланысты.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін тіл стилі жөніндегі түсінік ең алдымен айтушының белгілі бір мінез-құлқын талап ететін тілдік этика жөніндегі түсінікпен салыстырылады (жеке адамның сыпайылығы, кісі сыйлағыштығы, қарапайымдылығы, адамгершілігі, мейірімділігі, өзіндік беделі сияқты қасиеттері оның сөйлеу тілінен де байқалады); сонымен қатар, баланың стилистикалық түсінігін жетілдіру оның эстетикалық тәрбиесінің негізі болып табылады.